

2026 жылғы 10 тамыздан бастап қолданысқа енеді.

Осы Оферта «ОРАЛ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабының 2-тармағына сәйкес әуеайлаққа және жердегі қызмет көрсету жөніндегі қызметтер көрсету туралы шарт жасасу жөніндегі жария ұсынысы болып табылады (бұдан әрі мәтін бойынша – Оферта, Шарт, Стандартты келісім).

Стандартты келісімнің шарттары Тараптардың әуе кемелеріне әуеайлаққа және жердегі қызмет көрсету жөніндегі қатынастарына қолданылады.

Жария Оферта Қызмет көрсетуші компанияның Интернет желісіндегі ресми сайтында орналастырылған: <https://ura.aero/ru/>

АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҰҒЫМДАР:

«Әуежай» – Қазақстан Республикасындағы М.Мәметова атындағы Орал қаласының әуежайы.

«Оферта акцептісі» – осы Стандартты келісімнің 5-Параграфында көрсетілген әрекеттерді орындау арқылы Офертаны толық және сөзсіз қабылдау. Оферта акцептісі Стандартты келісімді жасайды.

«Стандартты келісім» – осы Офертада баяндалған шарттарда Оферта акцептісі арқылы жасалатын әуеайлаққа және жердегі қызмет көрсету жөніндегі қызметтер көрсету туралы шарт.

«Қызмет көрсетуші компания» – «ОРАЛ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі – қызметтерді орындаушы.

Қызмет көрсетуші компанияның деректемелері:

Мекенжайы: ҚР, БҚО, 090008, Теректі ауданы, Шаған ауылдық округі, Жаңа Өмір ауылы, Әуежай бөлімшесі, 1-үй

Тел.: 8 (7112) 93-96-61, 93-96-72, 93-92-63

e-mail: airport@ura.aero

BSN: 941240001270

Банк деректемелері:

БСК KСJBKZKX

ЖСК KZ168562203115920701

«Банк ЦентрКредит» АҚ

«Тапсырыс беруші» – Оферта акцептісін жүзеге асырған және Стандартты келісім бойынша қызметтерді тұтынушы болып табылатын тұлға.

«Тапсырыс берушінің өкілі» – Тапсырыс беруші атынан әрекет етуге Тапсырыс беруші уәкілеттік берген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ қызмет көрсетілетін әуе кемесі экипажының кез келген мүшесі.

«Қызмет көрсетуші компанияның уәкілетті өкілі» – Қызмет көрсетуші компания атынан заң немесе Қызмет көрсетуші компания берген сенімхат негізінде әрекет ететін тұлға.

1-ПАРАГРАФ. ҚЫЗМЕТТЕР

1.1. Қызмет көрсетуші компания техникалық және технологиялық мүмкіндік болған кезде осы Оферта шарттарында Тапсырыс берушіге Әуежайда 2018 жылғы 30 қазандағы № 749 «Әуежайлық қызметтің құрамына кіретін әуеайлаққа және жердегі қызмет көрсету тауарларының, жұмыстарының, қызметтерінің тізбесін бекіту туралы» Бұйрығымен белгіленген тізбеге сәйкес әуеайлаққа және жердегі қызмет көрсету қызметтерін ұсынады.

1.1.1. Қызметтер Қызмет көрсетуші компанияның мүмкіндіктері шегінде және оның нормалары мен технологияларына сәйкес ұсынылады. Қызмет көрсетуші компания барлық қызметтерді өзінің технологияларына, стандарттарына, нұсқаулықтарына, ережелеріне және басқа да құжаттарына (бұдан әрі – Қызмет көрсетуші компанияның нұсқаулықтары) сәйкес және/немесе Тапсырыс берушінің нұсқаулықтарына Қызмет көрсетуші компанияның нұсқаулықтарына қайшы келмейтін және оларды өзгертпейтін бөлігінде сәйкес көрсетеді.

1.1.2. Қызмет көрсетуші компания әуеайлаққа және жердегі қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді орындау үшін өзімен тиісті шарттар жасалған үшінші тұлғаларды тартуға құқылы. Бұл ретте Қызмет көрсетуші компания мұндай қызметтерді тиісті түрде ұсынғаны үшін Тапсырыс беруші алдында оларды Қызмет көрсетуші компания өзі орындағандай жауап береді.

1.2. Қосымша шарттар:

1.2.1. Жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі қосымша шарттар:

1.2.1.1. Қызмет көрсетуші компания тиісті рейстерге тіркеу кезінде жолаушылардың визаларын (және/немесе жолаушылар ұшу жүзеге асырылатын мемлекеттердің мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге құқық беретін өзге де ұқсас рұқсат беретін құжаттарды) қоспағанда, тиісті рейстерге жол жүру (ұшу үшін қажетті) құжаттарын тексеруге міндеттенеді. Визаларды тексеру қызметін (болуы, жарамдылығы және т.б.) Қызмет көрсетуші компания көрсетпейді.

1.2.1.2. Тапсырыс беруші мүгедектер және келу әуежайында арнайы көмекті қажет ететін тыныс-тіршіліктің шектеулі басқа да тұлғалар қатарындағы жолаушылардың борт үстінде болуы туралы ақпаратты Қызмет көрсетуші компанияға жіберуге міндеттенеді. Ақпарат oss@uga.aero электрондық мекенжайына нысандандырылған PSM хабарламасын жіберу арқылы ӘК ұшып шыққаннан кейін 10 минуттан кешіктірмей және ӘК келгенге дейін 40 минуттан кешіктірмей жіберіледі.

1.2.2. Жүктер мен поштаны өңдеу жөніндегі қосымша шарттар:

1.2.2.1. Қызмет көрсетуші компания жүк жүкқұжатында және жүк ілеспе құжаттарында қамтылған деректер мен мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығы үшін жауап бермейді.

1.2.2.2. ӘК борты астынан жүкті/поштаны қайтару.

1.2.2.2.1. Тапсырыс берушінің нұсқаулары немесе нұсқаулықтары салдарынан болған, ол туралы жүк Манифесінде жазба жасалған ӘК борты астынан жүкті/поштаны қайтаруды Тапсырыс беруші Қызмет көрсетуші компанияның қолданыстағы тарифтеріне сәйкес төлейді.

1.2.2.2.2. Тараптар өкілдерінің ӘК борты астынан жүкті/поштаны қайтару туралы Актіде куәландырған Қызмет көрсетуші компанияның қателігі, әрекеті немесе әрекетсіздігі салдарынан болған ӘК борты астынан жүкті қайтарудан туындаған Тапсырыс берушінің шығындарын өтеуді Қызмет көрсетуші компания талап-арыз тәртібімен жүзеге асырады.

1.2.2.3. Талап етілмеген жүк.

1.2.2.3.1. Дұрыс емес немесе қате байланыс ақпараты салдарынан жүк алушыны хабардар ету мүмкін болмаған жағдайда, Қызмет көрсетуші компания ақпаратты нақтылау үшін жөнелту әуежайына көшірмесін қоса бере отырып, Тапсырыс берушіге сұраныс жібереді. Тапсырыс берушіден 2 күн ішінде жауап алынбаған кезде оның мекенжайына қайталама хабарлама жіберіледі.

1.2.2.3.2. Егер жүк алушы хабардар етілсе, ал жүк 30 күн өткеннен кейін алынбаса, сондай-ақ жүк алушы жүкті алудан бас тартқан жағдайда, Қызмет көрсетуші компания жүкті жеткізбеу туралы жөнелту әуежайына көшірмесін жібере отырып, Тапсырыс берушіні хабардар етеді және Тапсырыс берушіден жүк жөнелтушінің нұсқаулықтарына сәйкес жүкке билік етуді сұрайды.

1.2.2.3.3. Жүк жөнелтушінің нұсқаулықтарына сәйкес Тапсырыс беруші талап етілмеген жүктерді жөнелту әуежайына қайтара алады, уәкілетті органдарға өтеусіз бере алады немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтай отырып жоя алады. Жүктерді келу және ұшу кезінде қоймада өңдеу, сақтау және өзге де қызметтер бойынша қызметтерді төлеуді Тапсырыс беруші жүзеге асырады.

1.2.2.3.4. Талап етілмеген жүкті жөнелту пунктіне қайтарған кезде (соның ішінде кері экспорт рәсімі бойынша да) Тапсырыс беруші тиісті санаттағы жүкті келу және ұшу кезінде қоймада өңдеу, жүк санатын ескере отырып сақтау, жүк алушыны хабардар ету бойынша қызметтерді және жүкті қайтаруды ұйымдастыруға байланысты өзге де шығыстар мен қызметтерді төлейді. Талап етілмеген жүкке билік ету бойынша Тапсырыс беруші тарапынан нұсқаулық болмаған жағдайда, Қызмет көрсетуші компания көрсетілген жүкпен жасалған әрекеттерге байланысты шеккен барлық шығыстарды ескере отырып, Қызмет көрсетуші компанияның және/немесе үшінші тұлғалардың қолданыстағы тарифтері бойынша Тапсырыс берушіге шот ұсыну құқығын өзіне қалдырады.

1.2.2.3.5. Ішкі әуе желілерімен де, халықаралық әуе желілерімен де рейстермен келген барлық санаттағы талап етілмеген жүкті жою, соның ішінде осыған байланысты барлық кедендік рәсімдерді жүргізу Тапсырыс берушіге жүктеледі және ол өздігінен жүргізеді.

1.2.2.3.6. Қызмет көрсетуші компанияның Әуежайына басқа әуежай қателесіп жіберген жүкті өңдеу, сақтау және оған билік ету жөніндегі шығыстарды (және қызметтерді) төлеу, Тараптардың жауапкершілігі Тапсырыс берушіге жүктеледі.

1.2.2.4. Қызметтерді төлеу ерекшеліктері.

1.2.2.4.1. Келетін және жөнелтілетін жүкке қатысты көрсетілетін қызметтерді жүк жөнелтушілер, жүк алушылар, Тапсырыс берушінің агенттері төлейді, Тапсырыс беруші жүк жөнелтуші және/немесе жүк алушы болатын жағдайларды, сондай-ақ трансферттік жөнелтілімдерге қатысты не Қызмет көрсетуші компанияны бұл

туралы алдын ала жазбаша хабардар ете отырып, барлық шығыстарды төлеуге өзі ниет білдіретін жағдайларды қоспағанда.

1.2.2.4.2. Жөнелтілетін жүкті сақтау қызметтерін жүк жөнелтуші не агент төлейді. Егер жүк броньды растаумен (яғни Тапсырыс берушімен келісілген күн, уақыт және рейс нөмірімен) қоймаға қабылданса, ал рейс тоқтатылса, ауыстырылса не осы жүктің жөнелтілуі осы рейске Брондау парағында ұсынылмаса, онда жүк жөнелтілмеген сәттен оның нақты жөнелтілген күніне дейінгі сақтауды төлеуді Тапсырыс беруші Қызмет көрсетуші компанияның қолданыстағы тарифтеріне сәйкес жүзеге асырады.

1.2.2.4.3. Егер Тапсырыс беруші растаған жүктің көлемі центровкамен жол берілетін шекті мәндерден асатын болса, онда тиеуге түспеген расталған жүкті сақтауды төлеуді жүк жөнелтілмеген сәттен оның нақты жөнелтілген күніне дейін Тапсырыс беруші Қызмет көрсетуші компанияның қолданыстағы тарифтеріне сәйкес жүзеге асырады.

1.2.2.5. Брондау парағы

1.2.2.5.1. Жүкке арналған жүк манифесін Қызмет көрсетуші компания Тапсырыс беруші не ол уәкілеттік берген тұлға ұсынатын Брондау парағы негізінде ресімдейді. Брондау парағы Қызмет көрсетуші компанияға рейс кестесі бойынша ұшып шығуына дейін 3 (үш) сағаттан кешіктірмей мынадай тәсілдердің бірімен беріледі:

- 1) өндірістік қызметтің жолаушыларға қызмет көрсету тобының аға агентіне (аэровокзал ғимаратының 1-қабатындағы №184 кабинетте);
- 2) Электрондық пошта: cargo@ura.aero;
- 3) AFTN: UARRAPBF (UARRAPBF).

Брондау парағын беруге арналған байланыстар, сондай-ақ берудің уақыты Қызмет көрсетуші компаниямен Тапсырыс берушіні 15 күн бұрын алдын ала хабардар ете отырып, біржақты тәртіппен өзгертілуі мүмкін.

1.2.2.5.2. Брондау парағында міндетті түрде мынадай ақпарат көрсетілуі тиіс:

- 1) Рейс нөмірі;
- 2) Күні;
- 3) Ұшып шығу әуежайы және межелі әуежай;
- 4) Жүкқұжат нөмірі;
- 5) Жеткізу әуежайы;
- 6) Орын саны (дана);
- 7) Салмағы (кг);
- 8) Жүк сипаты;
- 9) Көлемі (м3);
- 10) Ескертпе (қажет болған жағдайда);
- 11) Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілінің Т.А.Ә. және қолы.

Жүк манифесін ресімдеу, жүк пен поштаны ӘК-ге тиеу Қызмет көрсетуші компаниямен брондау парағында көрсетілген кезектілікпен жүзеге асырылады. ӘК салонына жүк/пошта партияларын тиеуді жоспарлаған жағдайда «Ескертпе» бағанында Тапсырыс берушімен «салонға» деген жазба жасалады.

1.2.2.5.3. Егер Брондау парағында көрсетілген барлық жүк Қызмет көрсетуші компанияға байланысты емес себептер бойынша ӘК-ге тиелмесе, ол жүк терминалына қайтарылады. ӘК борты астынан қайтару рәсімі осы қосымша шарттардың 1.2.2.2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

1.2.2.5.4. Брондау парағын ұсынбау Тапсырыс берушінің өз рейсінде жүк жөнелтуді жоспарламайтынын білдіреді.

1.2.2.6. Тапсырыс беруші кедендік транзит рәсімі бойынша орын ауыстыратын жүкті жеткізу кезінде Қызмет көрсетуші компанияны ӘК бортында мұндай жүктің болуы туралы хабардар етуі тиіс.

1.2.2.7. Тапсырыс беруші Қызмет көрсетуші компанияға жүкті (тауарларды) және көлік құралдарын Қызмет көрсетуші компанияның уақытша сақтау қоймасына орналастыруға уәкілеттік береді. Бұл ретте Тапсырыс беруші уақытша сақтау қоймасына орналастыру кезінде кеден органы сұрайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті.

1.2.2.8. Диспетчерлеуге жататын барлық келетін жүктер туралы Тапсырыс беруші Қызмет көрсетуші компанияны алдын ала хабардар етеді.

1.2.2.9. Ауыр салмақты жүкті (80 кг-нан асатын) жөнелту/келтіру Қызмет көрсетуші компаниямен алдын ала келісу бойынша жүргізіледі. Осы рәсім сақталмаған жағдайда Қызмет көрсетуші компания салмағы 100 кг-нан асатын ауыр салмақты жүкті ӘК бортынан түсірмеу/тиемеу құқығын өзіне қалдырады.

1.2.3. Мұзға қарсы өңдеу жөніндегі қосымша шарттар:

1.2.3.1. Әуе кемелерін мұзға қарсы өңдеу жөніндегі қызметтер ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2023 жылғы 07.03 № 141 Бұйрығымен бекітілген Әуе кемесін жерде мұзға қарсы қорғау жөніндегі ережелерге, Қызмет көрсетуші компанияда қолданыстағы әуе кемелерін мұзға қарсы өңдеу жөніндегі құжатқа сәйкес, Тапсырыс берушінің әуе кемелерін мұзға қарсы өңдеу жөніндегі қолданыстағы рәсімдерінде (нұсқаулықтарында) бар әуе кемелерін өңдеудің арнайы талаптарын (ерекшеліктерін) ескере отырып, оларды орындау мүмкіндігін Қызмет көрсетуші компанияның уәкілетті өкілі жазбаша растаған жағдайда ұсынылады.

1.2.3.2. Әуе кемелерін өңдеу мыналармен жүргізіледі:

1.2.3.2.1. мұз басуға қарсы сұйықтықпен (МҚС) және жабдықпен,

1.2.3.2.2. Қызметтерді қолдануға және орындауға белгіленген тәртіппен жіберілген Қызмет көрсетуші компанияның қызметкерлерімен.

1.2.3.3. Әуе кемелерін мұзға қарсы өңдеу жөніндегі ұсынылған қызметтерді есепке алу Қызмет көрсетуші компанияның белгіленген рәсіміне сәйкес жүзеге асырылады.

1.2.3.4. ӘК-ні мұзға қарсы өңдеудің, соның ішінде қайталама өңдеудің қажеттілігі туралы шешімді ӘК командирі мен ӘК шығаруға жауапты Қызмет көрсетуші компанияның қызметкері ӘК-нің нақты жағдайынан, метеорологиялық жағдайлардан, бұрылыс жолдары мен ұшу-қону жолағының жай-күйінен шыға отырып бірлесіп қабылдайды. Егер олардың кем дегенде біреуінің пікірі бойынша өңдеу қажет болса, ол шешім қабылдайтын екінші маманның пікіріне қарамастан жүргізіледі.

1.2.3.5. Егер әуе кемесінің командирі мен әуе кемесін шығаруға жауапты Қызмет көрсетуші компанияның маманы мұз басуға қарсы өңдеуді жүргізуден бас тарту туралы келісілген шешім қабылдаса, әуе кемесін мұз басуға қарсы өңдеу міндетті түрде жүргізіледі. Әуе кемесін мұз басуға қарсы өңдеуден кейін ұшуға түпкілікті шешім қабылдау әуе кемесінің командиріне жүктеледі. Бұл ретте, егер әуе кемесін шығаруға жауапты Қызмет көрсетуші компанияның маманы әуе кемесінің командиріне әуе кемесінің сыни беттерінде қар-мұз шөгінділерінің болуы туралы баяндаса, әуе кемесінің командирі қар-мұз шөгінділері әуе кемесінен жойылғанға дейін ұшуға шешім қабылдамауы тиіс.

1.2.4. Жанар-жағармай материалдарымен және арнайы сұйықтықтармен сақтау, жанармай құю жөніндегі қосымша шарттар:

1.2.4.1. Қызмет көрсетуші компания меншікті жанар-жағармай материалдары қоймасында: авиациялық отынның, мұзға қарсы сұйықтықтың (бұдан әрі – тауар/лар) болуы кезінде оларды Тапсырыс берушіге ол талап ететін көлемде, өткізу жүзеге асырылатын күнге қолданыстағы Қызмет көрсетуші компанияның бағалары бойынша өткізуді жүзеге асырады. Бұл ретте, осы Стандартты келісімнің бүкіл қолданылу кезеңіне Қызмет көрсетуші компаниямен осы тауар түрлеріне қатысты жоғарыда көрсетілген тауарлардың бағасын негіздейтін көрсеткіштерге байланысты өзгеруі мүмкін «жылжымалы баға» ұғымы қолданылады.

1.2.4.2. Авиациялық отынды сақтау жөніндегі қызметтерді Қызмет көрсетуші компания техникалық мүмкіндік болған кезде жүзеге асырады.

1.3. Ақпараттық қызметтер

1.3.1. ҰШУ БАСТАЛҒАНҒА ДЕЙІН

Тапсырыс беруші осы Стандартты келісім бойынша қызметтер көрсету үшін қажетті жан-жақты ақпаратты/параметрлерді/деректерді мынадай электрондық мекенжайға жіберуге міндетті: airlinesupport_ura@ura.aero.

1.3.1.1. Жолаушылар мен багажды тіркеуді орындау:

а. Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Тапсырыс беруші рейсін тіркеу басталғанға дейін кемінде 24 сағат бұрын Қызмет көрсетуші компаниямен келісілген техникалық мүмкіндік болған кезде, Жолаушыларды тіркеу қызметі Тапсырыс берушінің қызметкерлерінің күшімен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл жағдайда Қызмет көрсетуші компания Тапсырыс берушіге жолаушыларды тіркеуге арналған жұмыс орнын (аланды) ұсыну қызметін көрсетеді, ал Тапсырыс беруші жолаушылар мен багажды тіркеу үшін Тапсырыс берушінің меншікті

тіркеу жүйесін пайдаланады, оған қолжетімділікті Қызмет көрсетуші компания Жалпы қолжетімділік платформасын пайдалану арқылы қамтамасыз етеді.

б. Жолаушыларды тіркеу қызметі Тапсырыс берушінің жолаушылар мен багажды тіркеудің автоматтандырылған жүйесін таңдауына сәйкес Стандартты келісімнің 1.3.1.2-тармағында көзделген шарттарда Қызмет көрсетуші компанияның қызметкерлерінің күшімен жүзеге асырылады.

1.3.1.2. Жолаушылар мен багажды тіркеудің автоматтандырылған жүйесін таңдау:

1.3.1.2.1. Жолаушылар мен багажды тіркеу үшін Тапсырыс берушінің меншікті тіркеу жүйесін пайдалану. Жолаушылар мен багажды тіркеу үшін Тапсырыс берушінің меншікті тіркеу жүйесін пайдалану кезінде:

а. Қызмет көрсетуші компанияның тіркеу бағаны мен отырғызу қақпасы Қызмет көрсетуші компанияның жалпы қолжетімділік платформасында жұмыс істейді. Тапсырыс берушіге тиесілі жабдық Тапсырыс берушінің жолаушыларын ресімдеу үшін тіркеу бағандарына және отырғызу қақпаларына орнатылмайды. Қызмет көрсетуші компания Қызмет көрсетуші компанияның жалпы қолжетімділік платформасының меншікті жабдығына тәулік бойы техникалық қызмет көрсетуді және қолдауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

б. Қызмет көрсетуші компания Тапсырыс берушінің жолаушыларының дербес деректеріне терминалдық қолжетімділік ала отырып, оларды өз ресурстарында сақтамайды. Қызмет көрсетуші компанияның қызметі Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңының реттеуіне жатпайды.

с. Тапсырыс беруші Қызмет көрсетуші компанияның сұрауы бойынша Қызмет көрсетуші компанияның жеткілікті санды қызметкерлерін (техникалық қызметкерлерді қоса алғанда) өткен оқуды растайтын сертификат немесе басқа құжат бере отырып, Тапсырыс берушінің тіркеу жүйесінде жұмыс істеуге өз есебінен оқытуы тиіс.

1.3.1.2.2. Жолаушылар мен багажды тіркеу үшін Қызмет көрсетуші компанияның DCS бөлімін пайдалану. Жолаушылар мен багажды тіркеу үшін Қызмет көрсетуші компанияның DCS бөлімін пайдалану кезінде:

а. Тапсырыс беруші Қызмет көрсетуші компанияға рейс жабылғаннан кейін Қызмет көрсетуші компанияның DCS автоматты түрде қалыптастыратын стандартты хабарламалардың номенклатурасы мен жөнелту мекенжайларын хабарлайды. Егер Тапсырыс беруші ҚР шегінен тыс API телеграммаларын жіберу кезінде Тапсырыс беруші рейсі жүзеге асырылатын мемлекеттің миграциялық билігімен келісілген мекенжайдан (APIRequirementsbycountry) өзгеше мекенжай ұсынса, онда Қызмет көрсетуші компания осы түрдегі телеграммалардың кепілдендірілген жеткізілуі үшін жауап бермейді. Барлық хабарламалардың трафигін төлеу Тапсырыс берушінің есебінен жүзеге асырылады.

б. Тапсырыс беруші міндеттенеді:

- Қызмет көрсетуші компанияның жүйесіне автоматтандырылған жүктеу үшін жолаушылардың тегі, аты, төлқұжат деректерін, авиабилет нөмірлерін қамтитын PNL және ADL рейске MOWKK1H@sirena-travel.ru электрондық пошта мекенжайына жіберуге;

- PNL және ADL автоматтандырылған жүктеу мүмкін болмаған кезде, көрсетілген деректерді Тапсырыс беруші рейстің ұшып шығу уақытына дейін 6 сағаттан кешіктірмей мұндай деректермен PNL-ді dcs@ura.aero электрондық пошта мекенжайына жібереді. Қызмет көрсетуші компания жолаушылар туралы деректерді тіркеу жүйесіне Тапсырыс берушінің осы қызметті көрсету күнінде қолданыстағы Қызмет көрсетуші компанияның преysкурантына сәйкес төлеуімен енгізеді;

- Қызмет көрсетуші компания барлық көрсетілген мәліметтерді қамтитын PNL және ADL-ді MOWKK1H@sirena-travel.ru электрондық пошта мекенжайына немесе dcs@ura.aero электрондық пошта мекенжайына алмаған кезде, Қызмет көрсетуші компания жолаушылар туралы деректерді тіркеу жүйесіне қолмен енгізеді, бұл қызметті Тапсырыс беруші көрсету күнінде қолданыстағы Қызмет көрсетуші компанияның преysкурантына сәйкес төлейді. Тараптар мұндай жағдайда Қызмет көрсетуші компания рейске тіркеу уақытының асып кетуі, жолаушылар тамақтану түрлері бойынша деректердің жоғалуы және басқа да ықтимал салдар үшін жауап бермейтінін келісті.

1.3.2. СТАНДАРТТЫ КЕЛІСІМ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ІШІНДЕ

1.3.2.1. Тапсырыс беруші Әуежайға рейстер орындау кезінде ӘК ұшып шығу әуежайынан ұшып шыққаннан кейін 10 минут ішінде (АНМ 587-ге сәйкес) мынадай түрдегі телеграммаларды жіберуді қамтамасыз етуге міндетті:

Телеграмма атауы	Қызмет көрсетуші компанияның E-MAIL
MVT	occ@ura.aero

LDM	occ@ura.aero
PTM	occ@ura.aero
BTM	occ@ura.aero
PSM	occ@ura.aero
SOM	occ@ura.aero
CPM	occ@ura.aero

1.3.2.2. Тапсырыс беруші Тапсырыс берушінің / Қызмет көрсетуші компанияның тіркеу жүйесінде жұмыс істеу кезінде регламент шеңберінде рейстің тіркеуге дайындығын кемінде 23 сағат бұрын қамтамасыз етеді. Рейс тіркеуге дайын болмаған кезде Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі мен Қызмет көрсетуші компанияның уәкілетті өкілі қол қойған акт жасалады. Тапсырыс беруші тіркеуді қамтамасыз ету бойынша Қызмет көрсетуші компанияның барлық қосымша шығындарын (қалааралық сөйлесулерге шығыстар, Қызмет көрсетуші компания қызметкерлерінің жолаушылар тізімдерін Тапсырыс берушінің тіркеу жүйесіне қолмен енгізуі және басқалар) өтейді. Акт рейс ұшып шыққанға дейін ресімделеді және Тапсырыс беруші мен Қызмет көрсетуші компанияның уәкілетті өкілдерімен қол қойылады. Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі көрсетілген актіге қол қоядан бас тартқан кезде, актқа біржақты тәртіппен Қызмет көрсетуші компания қол қояды және тараптар үшін міндетті заңды күшке ие болады.

1.4. Нақты көрсетілген қызметтер Қызмет көрсетуші компания ресімдейтін бастапқы құжаттарда тіркеледі. Бастапқы құжаттардағы қызметтердің атауы Қызмет көрсетуші компанияның қызметтеріне арналған преysкуранттың тұжырымдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес көрсетіледі.

1.5. Әуе кемесі перронға қайтарылған жағдайда, тиеудің физикалық өзгеруі жүргізілмесе, қосымша төлем алынбайды. Тапсырыс беруші қосымша қызметтерді, соның ішінде қайталама сұратқан кезде, оларға төлем осы Қосымшаның 6-параграфына сәйкес алынады. Әуе кемесі тиеудің физикалық өзгеруімен перронға қайтарылған жағдайда төлем осы Стандартты келісімге сәйкес алынады. Техникалық қону жағдайында жердегі қызмет көрсетуге төлем осы Стандартты келісімге сәйкес алынады.

1.6. Әуеайлақтың ұшу алаңынан өздігінен қозғалу қабілетін жоғалтқан әуе кемесін эвакуациялау Тапсырыс берушімен Қызмет көрсетуші компаниямен келісілген ӘК эвакуациялау жөніндегі нұсқаулыққа (ӘК-нің әрбір түрі үшін бөлек) сәйкес жүзеге асырылады. Көрсетілген нұсқаулық келісілмеген жағдайда Қызмет көрсетуші компания өзінің құжаттарын басшылыққа алады. Тапсырыс беруші Қызмет көрсетуші компания көрсеткен қызметтерді осы Стандартты келісімге сәйкес, сондай-ақ ӘК эвакуациялау бойынша жұмыстарды орындау кезінде ол шеккен барлық құжатпен расталған қосымша шығыстарды төлейді. ӘК эвакуациялауды Қызмет көрсетуші компания Қызмет көрсетуші компанияда бар жұмыскерлермен, жабдықпен жүргізеді. Өзге жабдықты пайдалану, техникалық мамандарды тарту қажет болған жағдайда, талап етілетін жабдықты, сондай-ақ техникалық мамандарды Тапсырыс беруші Қызмет көрсетуші компаниядан талап алған сәттен бастап 3 сағаттан кешіктірмей ұсынады. Белгіленген мерзім өткеннен кейін Қызмет көрсетуші компания шеккен шығыстарды Тапсырыс берушіге жүктей отырып, үшінші тұлғалардан қажетті техникалық мамандар мен жабдықты ұсынууды өздігінен қамтамасыз етуге құқылы. Тапсырыс беруші ӘК эвакуациялау орнында ӘК эвакуациялаудың тәсілі мен тәртібін таңдау мәселелері бойынша, ӘК-ден отынды құю қажеттілігі туралы шешім қабылдайтын, ӘК эвакуациялауға (орын ауыстыруға) актіге, әуеайлақтың ұшу алаңынан ӘК эвакуациялау кезінде күштер мен құралдарды пайдалану туралы актіге қол қоятын Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілінің болуын қамтамасыз етеді.

1.7. Осы Қосымшада көрсетілмеген қосымша қызметтер Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілінің өтінімдері бойынша Қызмет көрсетуші компанияда оларды ұсыну мүмкіндігі болған кезде Тапсырыс берушіге көрсетілуі мүмкін.

2-ПАРАГРАФ. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЛИМИТІ

2.1. Кінәлі Тарап зардап шеккен Тарапқа нақты залалды өтейді, ұтылған пайда өтеуге жатпайды.

2.2. Қызмет көрсетуші компания Тапсырыс берушінің осы жердегі қызмет көрсету туралы Стандартты келісімде көзделген міндеттемелерді, және/немесе Қызмет көрсетуші компания орындауға қабылдаған Тапсырыс берушінің меншікті нұсқаулықтарын, және/немесе Қызмет көрсетуші компанияның нұсқаулықтарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде қызметтерді толық емес және (немесе) уақтылы көрсетпегені үшін жауапкершіліктен босатылады.

2.3. Қызмет көрсетуші компания әуе кемесі Әуежайға белгіленген кестені немесе тағайындалған уақытты бұза отырып келген жағдайда өз міндеттемелерін уақтылы орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

2.4. Перронды қалдықтармен ластаған немесе авиациялық отынды, авиациялық майларды, жағармайларды, арнайы сұйықтықтарды және т.б. төккен кезде Тапсырыс беруші Қызмет көрсетуші компанияға шығындарды толық көлемде, тиісті ластануларды жою үшін белгіленген Қызмет көрсетуші компанияның бекітілген тарифтері мөлшерінде, ал бекітілген тарифтер болмаған жағдайда – көрсетілген оқиғалар Тапсырыс берушінің кінәсінен болса, құжатпен расталған мөлшерде өтейді.

2.5. Әрбір ластау фактісі Қызмет көрсетуші компаниямен Тапсырыс беруші өкілін тарта отырып, акт жасаумен тексеріледі. Қызмет көрсетуші компания Тапсырыс берушінің уәкілетті Өкілін хабардар етеді, соның ішінде АФТН-байланыс арқылы пайдаланылуы мүмкін, келмеген жағдайда акт Қызмет көрсетуші компаниямен біржақты тәртіппен ресімделеді.

2.6. Тараптар жауапкершілік аймағы әрбір тиісті әуежай периметрі бойынша қоршаудың шегінде орналасатынын келісті.

2.7. Шотты бойынша төлеу мерзімі басталған сәтте төлемегені үшін Қызмет көрсетуші компания Тапсырыс берушімен төленбеген сомалар бойынша төлем мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап тұрақсыздық айыбын есептейді. Мерзімі өткен сомалар бойынша Қызмет көрсетуші компания Тапсырыс берушіден Тапсырыс берушінің ақшалай міндеттемесін нақты орындаған күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еселенген мөлшерлемесінен шыға отырып есептелген тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы, төлемді кешіктірген әрбір күн үшін. Тұрақсыздық айыбын төлеу тараптарды Стандартты келісім бойынша міндеттемелерді орындаудан немесе бұзушылықтарды жоюдан босатпайды. Айыппұл санкцияларын есептеу және ұсыну – міндет емес, құқық болып табылады, ал егер олар ұсынылмаса, есептеуге және төлеуге жатпайды.

2.8. Әуе кемесіне келтірілген зиян және осыған байланысты өзге де шығындар үшін Қызмет көрсетуші компанияның шығындарды өтеу жөніндегі жауапкершілігі Тапсырыс берушінің барлық тәуекелдерден каско сақтандыру полисі бойынша франшиза мөлшерінен аспайтын сомамен шектеледі, ол ешбір жағдайда 1 500 000 АҚШ долларынан аспауы тиіс, бұл ретте кез келген оқиға бойынша 3 000 АҚШ долларынан төмен жоғалу немесе зиян өтеуге жатпайды. Түсініспеушіліктерді болдырмау үшін, егер арнайы өзгеше көрсетілмесе, Тапсырыс беруші Қызмет көрсетуші компанияға қандай да бір талаптардан бас тартады және оны қалай туындағанына қарамастан барлық кейінгі жоғалулар мен зиян бойынша кез келген жауапкершіліктен босатады.

2.9. Сонымен қатар, Қызмет көрсетуші компанияның Тапсырыс берушінің жүгіне қатысты жауапкершілігі (поштаны қоспағанда) 1999 жылғы Монреаль конвенциясының 22.3-бабында немесе осы Конвенцияға жоғалу немесе зиян сәтінде қолданыстағы кез келген өзгерістер мен толықтыруларда көрсетілген сомалармен немесе Тапсырыс беруші төлеген нақты өтемақы сомасымен, осы сомалардың қайсысы аз болса, сонымен шектеледі. Кез келген жағдайда талаптың жалпы сомасы 1 000 000 АҚШ долларынан аса алмайды, бұл ретте кез келген талап бойынша 500 АҚШ долларынан төмен жоғалу немесе зиян өтеуге жатпайды. Талаптар 1999 жылғы Монреаль конвенциясының 31.2-бабында көрсетілген мерзімдерде беріледі. Түсініспеушіліктерді болдырмау үшін, Қызмет көрсетуші компанияның жауапкершілігі ешқашан Тапсырыс берушінің жауапкершілігінен жоғары болмауы тиіс.

3-ПАРАГРАФ. ҚЫЗМЕТТЕР САПАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.1. Тапсырыс беруші Қызмет көрсетуші компанияны алдын ала жазбаша хабардар ете отырып, өндірістік және технологиялық процестерге араласпай, жердегі қызмет көрсету туралы Стандартты келісім шеңберінде ұсынылатын қызметтердің сапасын бақылауды жүргізуге құқылы. Бұл ретте тараптар бақылауды жүргізу жоспарын, мерзімдерін, мақсаттарын, міндеттерін, нәтижелерін бекіту тәртібін алдын ала келіседі.

3.2. Кез келген жағдайда Қызмет көрсетуші компанияны мұндай тексеру күнтізбелік жылда 2 реттен жиі емес жүргізілуі мүмкін.

4-ПАРАГРАФ. ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР

4.1. Қызмет көрсетуші компанияның осы Стандартты келісімге сәйкес ұсынатын қызметтері мен материалдық-техникалық ресурстарын төлеуді Тапсырыс беруші қызметтер көрсету (орындау аяқталу), материалдық-техникалық ресурстарды ұсыну (ұсыну аяқталу) сәтінде тиісінше Қызмет көрсетуші компанияда қолданыстағы тарифтер мен бағалар бойынша, қосылған құн салығын төлей отырып жүргізеді, егер мұндай қосымшалармен немесе қосымша келісімдермен өзгеше көзделмесе.

4.2. Тараптар мынаны белгілейді:

- Қызмет көрсетуші компанияның қызметтер мен материалдық-техникалық ресурстарды ұсынуы үшін тарифтер мен бағаларды, сондай-ақ олардың күшіне ену мерзімін Қызмет көрсетуші компания Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтай отырып, Қызмет көрсетуші компанияның преysкурантқа өзгерістер енгізуі арқылы өздігінен белгілейді.

- мемлекеттік реттелмейтін қызметтер мен материалдық-техникалық ресурстарға тарифтер мен бағаларды өзгерту (ұлғайту, жою, жаңаларын белгілеу) Қызмет көрсетуші компаниямен біржақты тәртіппен осы Қосымша бойынша тарифтер мен бағаларды өзгерту туралы қосымша келісімді ресімдеусіз Қызмет көрсетуші компанияның преysкурантқа өзгерістер енгізуі арқылы жүргізіледі.

Қызмет көрсетуші компанияның қызметтеріне арналған преysкурант және оған өзгерістер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жарияланады немесе Тапсырыс берушінің назарына электрондық пошта немесе өзге де тәсілмен жеткізіледі, соның ішінде Ресми сайтта жариялануы мүмкін.

4.3. Тапсырыс беруші рейсте әуежай қызметтері мен жердегі қызмет көрсету бойынша жоспарланған шығыстардың 100 % мөлшерінде алдын ала төлем жасайды. Ақшалай қаражаттың Қызмет көрсетуші компанияның шотына түсу фактісі төлем болып саналады. Алдын ала төлем жасау міндетінің орындалмауы Қызмет көрсетуші компанияға Тапсырыс беруші жоспарланған шығыстардың 100 % мөлшерінде алдын ала төлем енгізгенге дейін оған қызмет көрсетуді тоқтата тұруға құқық береді, бұл туралы Тапсырыс беруші Қызмет көрсетуші компанияға хабарлайды, не шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқық береді.

Жоспарлы шығыстардың мөлшерін Тапсырыс беруші өз бетінше айқындайды, төлем жоспарланған рейсті орындауға жұмсалатын шығыстардан кем болмауға тиіс. Төлем Қызмет көрсетуші компания ұсынған шот негізінде жүргізілуі мүмкін.

4.4. Қызмет көрсетуші компания ұсынған шот бойынша төлем жүргізу кезде Тасымалдаушы бұрын жүргізілген алдын ала төлемді ескере отырып, түпкілікті есеп айырысуды рейс орындалған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүргізеді. Төлемнің есебін Тасымалдаушы өз бетінше жүргізеді.

Тасымалдаушы дербес айқындаған мөлшердегі жоспарлы шығыстар нақты шығыстардың 90 %-нан аз төленген жағдайда — әуе кемесіне қызмет көрсету оған толық ақы төленгенге дейін тоқтатыла тұрады.

Қызметтер көрсету, материалдық-техникалық ресурстар беру фактісін растайтын құжаттар қатарына мынадай құжаттар жатады: тапсырыс бланкісі/чек/Тасымалдаушының талабы/әуе кемесін мұзға қарсы өңдеуіне арналған шығыс ордері (мұзға қарсы өңдеуді жүргізу кезінде ресімделген аталған құжаттардың кез келгені), Қызмет көрсетуші компания қолданатын өзге де құжаттар.

Тапсырыс беруші ұшып келген кезде жиынтық-тиелім ведомосін (ЖТВ) және әуе кемесінің максималды ұшу массасы туралы мәліметтерді (әуе кемесін ұшуда пайдалану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген, аталған құжаттың көшірмесін ұсына отырып) бермеген жағдайда, Қызмет көрсетуші компания жалпыға қолжетімді ақпарат көздерінде жарияланған деректер негізінде рейстің шекті жүктемесі бойынша көрсетілген қызметтер үшін ақы алуға құқылы (осы рейс бойынша төлемдер есебін қоса бере отырып). Жалпыға қолжетімді ақпарат көздерін Қызмет көрсетуші компания таңдайды. Қайта есептеу жүргізілмейді.

4.5. Қызмет көрсетуші компанияның мүлікті сақтау жөніндегі қызметтерін Тапсырыс беруші Тапсырыс беруші шотты, шот-фактураны алған сәттен бастап 5 (бес) күн ішінде ай сайын төлейді.

4.6. Тапсырыс берушінің қызметтер мен материалдық-техникалық ресурстарды төлеу күні болып осы сомалардың Қызмет көрсетуші компанияның есеп айырысу шотына және/немесе Қызмет көрсетуші компанияның кассасына түскен күні саналады.

4.7. Стандартты келісімнің валютасы, сондай-ақ төлем валютасы қазақстандық теңге болып табылады.

4.8. Қызмет көрсетуші компанияның есеп айырысу шотына төлемдерді аудару Тапсырыс берушімен немесе Қызмет көрсетуші компаниямен алдын ала жазбаша хабардар ету бойынша Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша үшінші тұлғалармен жүргізіледі. Үшінші тұлғаның төлемі, егер төлем туралы құжаттарда Тапсырыс берушіге және осы Стандартты келісімге сілтеме көрсетілсе, Қызмет көрсетуші компаниямен тиісті деп танылады.

4.9. Тапсырыс беруші төлем құжаттарында міндетті түрде мынадай деректердің көрсетілуін қамтамасыз етуге міндеттенеді: осы Стандартты келісімнің нөмірі мен күні, төлем жүргізілетін кезең, төленетін шоттың және/немесе шот-фактураның деректемелері және басқа да қажетті мәліметтер.

Егер төлем тапсырмасында төлем жүргізілетін кезең немесе рейс көрсетілмесе, онда түскен ақшалай қаражат тараптармен хронологиялық тәртіппен есепке алынады. Төлем тапсырмасында көрсетілген шарт бойынша түскен қаражат тек осы шарт бойынша қызметтерді төлеуге есепке алынады.

4.10. Қызметтерді көрсету, материалдық-техникалық ресурстарды ұсыну фактісін растайтын құжаттар қатарына мынадай құжаттар жатады: әуе кемесін мұзға қарсы өңдеуге Тапсырыс берушінің бланк-тапсырыс/чек/талап/шығыс ордері (мұзға қарсы өңдеу жүргізу кезінде ресімделген аталған құжаттардың кез келгені), Қызмет көрсетуші компаниямен қолданылатын өзге де құжаттар.

4.11. Тараптар өткізу құжаттарына қол қою және оларды беру тәртібін былай белгілейді:

4.11.1. Шот-фактура және орындалған жұмыстар актісі:

- тұрақты емес рейстер бойынша әрбір рейс үшін көрсетілген қызметтер, тұрақты рейстер бойынша – әрбір рейс үшін немесе күнтізбелік бес күнді құрайтын есепті кезең үшін қызметтер көрсетіледі;
- бірдей заңды күшке ие болатын 2 данада жасалады;
- тараптардың уәкілетті өкілдерімен қол қойылады.

4.11.2. Қызмет көрсетуші компания есепті кезеңдер немесе рейстер үшін Тапсырыс берушіге шот-фактуралар / шоттар ұсынады және өз тарапынан қол қойылған орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актілерін есепті кезең аяқталған күннен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірмей Стандартты келісімде көрсетілген Тапсырыс берушінің пошталық мекенжайына тапсырыс хатпен жібереді және жіберілгеннен кейін 6-шы күні тапсырылды деп саналады. Құжаттарды/ақпаратты алдын ала (жедел) жіберу үшін Тараптар мынадай электрондық мекенжайларды пайдаланады:

Қызмет көрсетуші компанияның E-mail: billing@ura.aero.

Тапсырыс берушінің рейстеріне қызмет көрсету кезінде жұмсалған мұзға қарсы сұйықтықтың мөлшері туралы ақпарат пен құжаттарды Қызмет көрсетуші компания тек Тапсырыс берушінің Қызмет көрсетуші компанияға жіберген жазбаша сұраулары негізінде ұсынады.

4.11.3. Шотты, орындалған жұмыстар актісін, көрсетілген қызметтер актісін алған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде Тапсырыс беруші Қызмет көрсетуші компанияны шоттардың көрсетілген мерзімде төленбейтін даулы мәселелері туралы жазбаша нысанда хабардар етеді не Қызмет көрсетуші компанияға орындалған жұмыстар актісінің, көрсетілген қызметтер актісінің бір данасын қол қойып қайтарады. Тараптар уәжді бас тартуды алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде келіспеушіліктерді реттеуі тиіс. Қызмет көрсетуші компания көрсетілген мерзімде жазбаша уәжді бас тартуды немесе қол қойылған орындалған жұмыстар актісін, көрсетілген қызметтер актісін алмаған жағдайда, қызметтер Тапсырыс берушімен қабылданды деп саналады және толық көлемде төленуге жатады.

4.12. Тараптар өздеріне қызмет көрсететін банктер алатын банктік алымдарды (комиссияларды) өздігінен төлейді.

5-ПАРАГРАФ. ОФЕРТАНЫ АКЦЕПТЕУ ЖӘНЕ СТАНДАРТТЫ КЕЛІСІМ ЖАСАУ

5.1. Тараптар арасындағы Стандартты келісім Тапсырыс берушінің осы Офертаны акцептеуі арқылы жасалады. Тапсырыс берушінің Офертада көрсетілген шарттарды орындау жөніндегі әрекеттерді, өзге де әрекеттерді жасауы Офертаны акцептеу болып табылады және осы жария офертада баяндалған шарттарда Стандартты келісім жасасу деп саналады, соның ішінде:

- Тапсырыс берушінің рейске Өтінім беруі (қызметтер көрсету).
- Әуежайда қонуды орындау.
- Әуежайдан ұшуды орындау.

5.2. Стандартты келісім Тапсырыс беруші рейске Өтінім берген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар көрсетілген Өтінім бойынша рейстерді орындауға байланысты міндеттемелерді толық орындағанға дейін немесе Әуежайда қону жасалған сәттен бір және сол әуе кемесінің кейінгі ұшуына дейін немесе әуе кемесін ұшуға дайындауды бастаған сәттен бір және сол әуе кемесінің Әуежайдан ұшуын жасағанға дейін қолданылады.

5.3. Осы Оферта Қызмет көрсетуші компания мен Тапсырыс беруші арасындағы ресми өзара қатынастарда негізгі құжат деп саналады, оны Тапсырыс берушінің қабылдауы барлық шарттардың толық көлемде түсінілгенін және қабылданғанын білдіреді.

5.4. Осы Офертаны акцептеу жөніндегі әрекеттерді жасай отырып, Тапсырыс беруші өзінің құқық қабілеттілігін және әрекетке қабілеттілігін, сондай-ақ Қызмет көрсетуші компаниямен шарттық қатынастарға кірісуге пайдаланушының заңды құқығын растайды.

5.5. Қызмет көрсетуші компания кез келген сәтте Ресми сайтта жариялау арқылы осы Оферта шарттарын біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы. Өзгерістер көрсетілген сайтта жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

5.6. Қызмет көрсетуші компания кез келген сәтте Ресми сайтта тиісті ақпаратты жариялау арқылы Офертаны кері қайтарып алуды жүзеге асыруға құқылы.

5.7. Тараптардың әрқайсысы екінші тарапты бұл туралы хабардар ете отырып, осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тарта алады. Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылды деп саналады.

5.8. Тараптардың қатынастарына қызметтер көрсету сәтінде қолданыста болған Шарттың редакциясы қолданылады.

5.9. Тараптар жердегі қызмет көрсету туралы стандартты келісім жасаған кезде осы Стандартты келісімнің қолданылуы (төлеу жөніндегі міндеттемелерді қоспағанда) көрсетілген жердегі қызмет көрсету туралы стандартты келісім күшіне енген күннен бастап тоқтайтынын келісті.

6-ПАРАГРАФ. ХАБАРЛАУ

6.1. Егер осы Стандартты келісіммен өзгеше көзделмесе, осы Стандартты келісім бойынша берілетін барлық хабарламалар мен хабарлар Қызмет көрсетуші компанияға мынадай мекенжайлар бойынша жіберілуі тиіс:

Қызмет көрсетуші компания: «Орал» халықаралық әуежайы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 090008, Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Шаған ауылдық округі, Жаңа Өмір ауылы, Әуежай бөлімшесі, 1-үй
Телефон, факс: 8 (7112) 93-96-61, 93-96-72, 93-92-63
АФТН: УАРРАПБФ (UARRAPBF)
Электрондық пошта: airport@ura.aero
ӘКҰЖБТ (ӨК): тел. 8 (7112) 93-96-72, эл.пошта disp.pdsp@ura.aero
Ресми сайт: <https://ura.aero/ru/>

6.2. 6.1-тармақта көрсетілген деректердің өзгеруі туралы Тараптар бір-бірін өзгерген сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті, кері жағдайда деректердің өзгеруі туралы хабардар етпеген немесе уақтылы хабардар етпеген Тарапқа осыған байланысты қолайсыз салдар жүктеледі.

6.3. Қызмет көрсетуші компанияның өзекті байланыс парағы Ресми сайтта орналастырылған.

7-ПАРАГРАФ. РЕТТЕУШІ ЗАҢ

7.1. Жердегі қызмет көрсету туралы Стандартты келісім Қазақстан Республикасының қолданыстағы материалдық және процессуалдық заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.

7.2. Дауларды шешу үшін сот Әуежайдың орналасқан жері бойынша Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот болып табылады.

7.3. Тараптар өз шешімі бойынша 7.2-тармақта көрсетілген сотқа сотқа жүгінудің талап-арыз тәртібін сақтағаннан кейін жүгінуге құқылы. Талап-арызды қарау мерзімі тарап талап-арызды алған сәттен бастап 5 күн немесе талап-арыз тараптың орналасқан жері бойынша пошта бөлімшесіне жеткізілген сәттен бастап 10 күн болып белгіленеді.

8-ПАРАГРАФ. ӨЗГЕ ШАРТТАР

8.1. Қызмет көрсетуші компания Тапсырыс берушіге қызметтер көрсету жөніндегі жұмыстарды орындайтын барлық қызметкерлерінің тиісті жіберілімдерінің (сертификаттарының) болуына кепілдік береді.

Қызмет көрсетуші компанияның сұрауы бойынша Тапсырыс беруші Әуежай аумағында Қызмет көрсетуші компанияның қажетті санды қызметкерлерін (қызметкерлер санын Қызмет көрсетуші компания айқындайды) өз есебінен оқытуды жүргізуге міндетті, атап айтқанда: Тапсырыс берушінің әуе кемелеріне қызмет көрсету технологиялары бөлігінде не бұрын Қызмет көрсетуші компаниямен ұсынылмаған қызметтер технологиясы бөлігінде не егер осы Тапсырыс беруші әуежайда 1 күнтізбелік жылдан астам уақыт бойы қызмет көрсетілмесе, бастапқы дайындықты/мерзімді дайындықты; Қызмет көрсетуші компанияның ақпараттық жүйелерінен өзгеше Тапсырыс берушінің ақпараттық жүйелерімен жұмыс істеу үшін бастапқы дайындықты/мерзімді дайындықты.

8.2. Дербес деректер.

8.2.1. Стандартты келісім шарттарын тиісінше орындау мақсатында Тараптар бір-біріне дербес деректер субъектілерінің дербес деректерін: Қызмет көрсетуші компания қызметкерлерінің, Тапсырыс беруші қызметкерлерінің, Тапсырыс берушінің жолаушыларының деректерін бере алады. Дербес деректерді беру автоматтандыру құралдарын пайдаланусыз жүзеге асырылады (жолаушыларды тіркеу кезінде пайдалану үшін жолаушылардың дербес деректерін қоспағанда).

8.2.2. Мынадай дербес деректер өңдеуге жатады:

- тегі, аты, әкесінің аты, жылы, айы, туған күні мен жері;

- паспорт деректері немесе жеке басын куәландыратын өзге құжаттың деректері (сериясы, нөмірі, берілген күні, құжатты берген органның атауы) және азаматтығы;
- тұрғылықты жерінің мекенжайы (тіркелген жері бойынша және нақты) және тұрғылықты жері немесе болатын жері бойынша тіркелген күні, телефон нөмірлері.

8.2.3. Дербес деректермен әрекеттер (операциялар) тізбесі:

а) жолаушылардың:

- пайдалану (жолаушыларды тіркеу кезінде жолаушылардың паспорт деректерін салыстыру);
- сақтау, жою (жолаушылар манифестінде қамтылған дербес деректерге қатысты, автоматтандыру құралдарын пайдаланусыз).

б) Қызмет көрсетуші компанияның/Тапсырыс берушінің қызметкерлерінің:

- жинау;
- жүйелеу;
- жинақтау;
- сақтау;
- нақтылау;
- пайдалану;
- бұғаттау;
- жою.

8.2.4. Тараптар дербес деректердің құпиялылығын сақтауға және оларды өңдеу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге міндетті.

8.2.5. Тараптар дербес деректерді ҚР 21.05.2003 жылғы №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 909 «Меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысының; Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 21 қазандағы № 395/НҚ «Дербес деректерді жинау, өңдеу қағидаларын бекіту туралы» Бұйрығының; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 қарашадағы №1214 «Меншік иесінің және (немесе) оператордың өздері жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қаулысының талаптарына сәйкес, сондай-ақ Тапсырыс беруші әзірлеген қатерлер моделіне сәйкес қорғау жөніндегі шараларды қолдануға міндетті. Жолаушылардың дербес деректерін дербес деректердің ақпараттық жүйелерінде өңдеу кезінде оларды қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Тапсырыс беруші Қызмет көрсетуші компанияға Тапсырыс берушінің тіркеу жүйесінде жолаушыларды тіркеу кезінде пайдалану үшін жолаушылардың дербес деректерін қорғаудың қажетті шаралары туралы ақпаратты жазбаша нысанда ұсынады. Дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің техникалық шараларын іске асыру Тапсырыс берушінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

8.2.6. Осы Қосымшаның 8.2.1 – 8.2.5-т.т. ережелері дербес деректерді өңдеу тоқтатылған күннен бастап үш жыл бойы да қолданылады.

8.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе.

8.3.1. Осы Стандартты келісім бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың аффилирленген тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары осы тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне қандай да бір құқыққа сай емес артықшылықтар алу немесе өзге де құқыққа сай емес мақсаттарға қол жеткізу үшін ықпал ету мақсатында тікелей немесе жанама түрде кез келген тұлғаларға қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

8.3.2. Осы Стандартты келісім бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың аффилирленген тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары осы Стандартты келісімнің мақсаттары үшін қолданылатын заңнамамен пара беру / пара алу, коммерциялық сатып алу деп сараланатын әрекеттерді, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы қолданылатын заңнаманың және халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерді жүзеге асырмайды.

8.3.3. Осы Стандартты келісімнің Тараптарының әрқайсысы екінші Тараптың қызметкерлерін қандай да бір тәсілмен, соның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың мекенжайына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау және осы тармақта аталмаған басқа да тәсілдермен, қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын

және осы қызметкердің оны ынталандырушы Тараптың пайдасына қандай да бір әрекеттер орындауын қамтамасыз етуге бағытталған ынталандырудан бас тартады.

8.3.4. Тараптардың әрқайсысы ол, оның аффилиирленген тұлғалары, қызметкерлері немесе делдалдары осы ескертпенің 8.3.1, 8.3.2, 8.3.3-тармақтарында көрсетілген әрекеттерді Стандартты келісім жасасқанға дейінгі барлық кезеңдерде, соның ішінде сатып алуға (тендерге) қатысу және келіссөздер жүргізу кезінде жасамағанына кепілдік береді.

8.3.5. Қызметкердің оны ынталандырушы Тараптың пайдасына жүзеге асырылатын әрекеттері деп мыналар түсініледі:

8.3.5.1. басқа контрагенттермен салыстырғанда негізсіз артықшылықтар беру;

8.3.5.2. қандай да бір кепілдіктер беру;

8.3.5.3. бар рәсімдерді жеделдету;

8.3.5.4. қызметкердің өзінің лауазымдық міндеттері шеңберінде орындайтын, бірақ Тараптар арасындағы өзара қатынастардың ашықтық және айқындық принциптеріне қайшы келетін өзге де әрекеттер.

8.3.6. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы болды немесе болуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді. Жазбаша хабарламадан кейін тиісті Тарап бұзушылықтың болмағаны немесе болмайтыны туралы растауды алғанға дейін осы Стандартты келісім бойынша міндеттемелерді орындауды тоқтата тұруға құқылы. Бұл растау жазбаша хабарлама жіберілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жіберілуі тиіс.

8.3.7. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның үлестес тұлғаларының, қызметкерлерінің немесе делдалдарының қолданылатын заңнамамен пара беру немесе пара алу, коммерциялық сатып алу деп сараланатын әрекеттерінде, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы қолданылатын заңнаманың және халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінде көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылуы болғанын немесе болуы мүмкін екенін анық растайтын немесе оны болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдар ұсынуға міндетті.

8.3.8. Осы Стандартты келісімнің Тараптары сыбайлас жемқорлықты болдырмау жөніндегі рәсімдерді жүргізуді мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш салады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Бұл ретте Тараптар Тараптарды сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етеді.

8.3.9. Осы бөлімде көрсетілген шарт ҚР АҚ 393-бабының 1-бөлігіне сәйкес осы Стандартты келісімнің елеулі шарты болып табылады.

8.3.10. Тараптар олардың ықтимал құқыққа сай емес әрекеттері және осы Стандартты келісімнің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттарын бұзуы қолайсыз салдарға – контрагенттің сенімділік рейтингін төмендетуден контрагентпен өзара іс-қимыл бойынша елеулі шектеулерге, осы Стандартты келісімді бұзуға дейін әкеп соғуы мүмкін екенін мойындайды.

8.3.11. Тараптар осы Стандартты келісімді орындау шеңберінде ұсынылған фактілер бойынша құпиялылық принциптерін сақтай отырып тиісті талқылау жүргізуге және практикалық қиындықтарды жою және ықтимал қақтығыс жағдайларын болдырмау жөніндегі тиімді шараларды қолдануға кепілдік береді.

8.3.12. Тараптар осы Стандартты келісімнің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттарын орындау мәселелері бойынша толық құпиялылыққа, сондай-ақ жүгінуші Тарап үшін де, бұзушылық фактісі туралы хабарлаған жүгінуші Тараптың нақты қызметкерлері үшін де негативтік салдардың болмауына кепілдік береді.

8.4. Тапсырыс берушілерге санитарлық, гигиеналық, экологиялық, техникалық, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, табиғи және минералды ресурстар туралы саладағы нормалар, ережелер мен талаптар, сондай-ақ қоғамдық тәртіп нормалары.

8.4.1. Қызмет көрсетуші компанияның аумағында қызметті жүзеге асыратын Тапсырыс беруші мынаны міндеттенеді:

8.4.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасын, соның ішінде еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, табиғи және минералды ресурстар туралы заңнаманы, сондай-ақ Қызмет көрсетуші компанияның аумағында қолданыстағы актілерді сақтау.

8.4.1.2. Қызмет көрсетуші компанияның аумағында болған өндірістік жазатайым оқиғалар, авариялар, инциденттер туралы мәліметтерді олар Тапсырыс берушінің қызметкер(лер)інің немесе Тапсырыс беруші тартқан үшінші тұлғаның қатысуымен болған жағдайларда Қызмет көрсетуші компанияға дереу ұсыну.

8.4.1.3. Қызмет көрсетуші компанияның аумағында Тапсырыс берушінің қызметкер(лер)інің немесе Тапсырыс беруші тартқан үшінші тұлғаның қатысуымен болған өндірістік жазатайым оқиғаларды, авариялар мен инциденттерді тергеуді қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Қызмет көрсетуші компанияның уәкілетті өкілдерін міндетті түрде тарта отырып ұйымдастыру.

8.4.1.4. Тапсырыс беруші Қызмет көрсетуші компанияның аумағында жұмыстарды орындау үшін үшінші тұлғаларды тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші олармен жасалатын шарттарға осы құжатта көзделген шарттарды енгізуге және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

8.4.1.5. Қызмет көрсетуші компанияның аумағында жұмыстарды орындауды қажетті құзыреттілікке ие және денсаулық жағдайы сәйкес қызметкерлермен қамтамасыз ету. Тапсырыс беруші оның персоналы (қызметкерлері) еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес, сондай-ақ Тапсырыс берушінің Қызмет көрсетуші компанияның аумағында орындайтын жұмыс түрлерін ескере отырып, қажетті оқу түрлерінен және білімді тексеруден өткеніне кепілдік береді.

8.4.1.6. Қызмет көрсетуші компанияның аумағында жұмыстарды орындайтын Тапсырыс берушінің бүкіл персоналын еңбекті қорғау жөніндегі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге және орындалатын жұмыстың ерекшеліктеріне сәйкес қажетті жеке қорғану құралдарымен (бұдан әрі – ЖҚҚ) қамтамасыз ету, персоналдың ЖҚҚ қолдануын бақылауды жүзеге асыру.

8.4.1.7. Әуесайлақ аумағы бойынша жаяу жүру кезінде контрагент персоналында анық көрінетін сигналдық киімнің (мысалы, анық көрінетіндіктегі сигналдық жилет) болуын қамтамасыз ету.

8.4.1.8. Алкогольдік, есірткілік немесе уытты масаю күйіндегі, сондай-ақ абстинентті синдром күйіндегі қызметкерлерді жұмысқа жібермеу.

8.4.1.9. Тапсырыс берушінің қызметін жүзеге асыру үшін қажетті заттарды қоспағанда, алкогольдік, есірткілік немесе уытты масаю тудыратын заттарды Қызмет көрсетуші компанияның аумағына әкелуге және болуына жол бермеу.

8.4.1.10. Жоғары қауіптілікті жұмыстарды орындау кезінде Тапсырыс берушінің ішкі рұқсат наряды жүйесін пайдалану.

8.4.2. Жабдықты, соның ішінде Қызмет көрсетуші компанияға тиесілі жабдықты пайдалану кезінде Тапсырыс беруші мынаны қамтамасыз етеді:

8.4.2.1. Биіктікте жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ережелердің талаптарын сақтау (ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2022 жылғы 31 наурыздағы N 109 Бұйрығымен бекітілген немесе оның орнына қабылданған өзге құжат) – биіктіктегі жұмыстар кезінде, соның ішінде:

– биіктіктегі жұмыстарды ұйымдастыруға және қауіпсіз жүргізуге жауапты, белгіленген тәртіппен оқытылған тұлғаларды тағайындау;

– биіктіктегі жұмыстарды орындаудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне оқытылған, белгіленген тәртіппен білімді тексеруден өткен және биіктіктегі жұмыстарды орындау құқығын беретін тиісті куәлігі бар жұмыскерлерді тағайындау және жіберу.

8.4.2.2. Жүк тиеу-түсіру жұмыстары мен жүктерді орналастыру кезінде еңбекті қорғау жөніндегі ережелердің талаптарын сақтау (немесе оның орнына қабылданған өзге құжат) – жүк тиеу-түсіру жұмыстары мен жүктерді орналастыру кезінде, соның ішінде: – салмағы 80-нен 500 кг-ға дейінгі жүктерді қолмен тиеу және түсіру жөніндегі жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге жауапты тұлғаларды тағайындау.

8.4.2.3. Қысыммен жұмыс істейтін жабдықты пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережелерінің талаптарын сақтау (ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы N 358 Бұйрығымен бекітілген немесе оның орнына қабылданған өзге құжат) – артық қысыммен жұмыс істейтін жабдықпен жұмыс істеу кезінде, соның ішінде:

– артық қысыммен жұмыс істейтін ыдыстармен жұмыс істеу құқығына тиісті оқудан өткен және тиісті куәлігі бар қызметкерлерді тағайындау және жіберу.

8.4.2.4. Электр қондырғыларын пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау (ҚР Энергетика министрлігінің 2015 жылғы 31 наурыздағы N 253 Бұйрығымен бекітілген немесе оның орнына қабылданған өзге құжат) электр жабдығын пайдалану кезінде, соның ішінде:

– электр қауіпсіздігі бойынша тиісті топ бар, белгіленген тәртіппен оқытылған және жіберілген электртехникалық қызметкерлерді тағайындау.

8.4.2.5. «Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережелерінің» талаптарын сақтау (ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы N 359 Бұйрығымен бекітілген немесе оның орнына қабылданған өзге құжат) – көтергіш құрылыстарды (автомобиль көтергіші (автомұнара), жүк көтергіш кран) пайдалана отырып жұмыстарды орындау кезінде, соның ішінде:

– тиісті оқу орнында оқытылған және люлька жұмыскерінің куәлігі бар автомұнаралардың люлька жұмыскерлерін тағайындау және жіберу;

– Ростехнадзор органдарында өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында оқу мен аттестаттаудан өткен мамандар қатарынан көтергіш құрылыстарды қолдана отырып жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге жауапты тұлғаларды тағайындау және жіберу;

– жүк көтергіш кранды қолдана отырып жұмыстарды орындауға белгіленген тәртіппен оқытылған, стропальщик куәлігі бар стропальщиктерді тағайындау және жіберу.

8.4.2.6. Тиісті жабдықты пайдалануға байланысты өзге де ережелердің талаптарын сақтау.

8.4.3. Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі талаптарды сақтау мақсатында,

8.4.3.1. Тапсырыс беруші мынаны міндеттенеді:

8.4.3.1.1. Әуежай аймағында барлық жұмыс түрлерін ұшу қауіпсіздігін, авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, санитарлық режим нормаларын реттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптарына қатаң сәйкестікте жүргізу, сондай-ақ жолаушыларға қызмет көрсету, багажды, поштаны, жүктерді өңдеу жөніндегі қолданыстағы ережелерді сақтау;

8.4.3.1.2. Қызмет көрсетуші компанияның авиациялық қауіпсіздік қызметіне Әуежайға ұшу орындайтын ӘК-нің әрбір түріне Тапсырыс берушінің бекітілген авиациялық қауіпсіздік бағдарламаларын, «Авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ӘК тексеру орындарының тізбелерін» және «ӘК пломбалау және мөрлеу тізбелерін» оларды Қызмет көрсетуші компанияның авиациялық қауіпсіздік қызметінің күзетіне беру үшін ұсыну (Қызмет көрсетуші компанияның талабы бойынша аталған құжаттар Тапсырыс берушімен Қызмет көрсетуші компаниямен жазбаша келісілуі тиіс). Аталған құжаттардың экипаж мүшелеріне арналған ұшу борт құжаттамасы жинағында әрбір ӘК-де болуын қамтамасыз ету;

8.4.3.2. Қызмет көрсетуші компания:

8.4.3.2.1. Ұшу қауіпсіздігіне және авиациялық қауіпсіздікке қатер төндіретін техникалық және метеорологиялық жағдайларға байланысты әуежайды ӘК қабылдау және жөнелту үшін жабуға құқылы;

8.4.3.2.2. Ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік жөніндегі талаптардың сақталуын, соның ішінде Әуежай аумағында қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалармен жердегі қызмет көрсету қызметтерін ұсыну кезінде Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласындағы заңнамада белгіленген талаптарға сәйкес сақталуын қамтамасыз етеді және бақылайды;

8.4.3.2.3. Авиациялық қауіпсіздікті, режимді ұстауды және Тапсырыс берушінің ӘК-сін күзетуді қамтамасыз етеді.

8.4.4. Қызмет көрсетуші компания Қызмет көрсетуші компанияның кінәсінен болмаған, сондай-ақ Тапсырыс берушінің қызметкері немесе Тапсырыс беруші тартқан үшінші тұлға еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзған жағдайда Тапсырыс берушінің кез келген қызметкерінің немесе Тапсырыс беруші тартқан үшінші тұлғаның жарақаттары, мертігулері немесе қайтыс болуы үшін жауап бермейді.

8.4.5. Тапсырыс беруші жауапты болатын әрекеттер/әрекетсіздік нәтижесінде Қызмет көрсетуші компания әкімшілік, қылмыстық және өзге де жауапкершілікке тартылған жағдайда, Тапсырыс беруші Қызмет көрсетуші компанияға келтірілген барлық шығындарды өтеуге міндеттенеді.

8.4.6. Қызмет көрсетуші компания Тапсырыс берушінің және Тапсырыс беруші тартатын үшінші тұлғалардың осы құжаттың ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асыруға құқылы. Тексеру барысында анықталған бұзушылықтар Қызмет көрсетуші компания белгілеген тәртіппен тиісті құжаттарда тіркеледі. Тіркелген бұзушылықтарды қамтитын құжаттар Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдеріне беріледі.

8.4.7. Тапсырыс беруші осы Қосымшаның ережелерін бұзған жағдайда Қызмет көрсетуші компания Стандартты келісімді біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға құқылы.

8.5. Коммерциялық құпияны қамтитын ақпараттың сақталуы.

8.5.1. Осы Стандартты келісімнің мақсаттары үшін «Коммерциялық құпия» термині осы Стандартты келісім бойынша үшінші тұлғаларға белгісіздігі салдарынан нақты немесе әлеуетті құндылығы бар, кеңінен таратуға және/немесе шектеусіз тұлғалар тобымен пайдалануға арналмаған, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай келетін кез келген ақпаратты білдіреді.

8.5.2. Тараптар Коммерциялық құпияны сақтауға және оны қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға, соның ішінде Тараптарды қайта ұйымдастыру немесе тарату жағдайында да міндеттенеді. Тараптар осымен Коммерциялық құпияны еңсерілмейтін күш мән-жайлары себебінен немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, тиісті юрисдикция сотының күшіне енген шешімдерінің немесе құзыретті мемлекеттік органдардың заңды талаптарының салдарынан байқаусыз және/немесе мәжбүрлі ашу жағдайларын қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз ешбір үшінші тұлғаларға ашпауға және Коммерциялық құпияны ашуға жол бермеуге келіседі, бұл ретте кез келген осындай ашу жағдайында

(а) Тарап екінші Тарапты Коммерциялық құпияны ашу қажеттілігі байланысты болатын тиісті оқиғаның басталуы туралы, сондай-ақ осындай ашудың шарттары мен мерзімдері туралы алдын ала хабардар етеді; және

(б) Тарап Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелерін, заңды күшіне енген тиісті юрисдикция соттарының шешімдерін немесе құзыретті мемлекеттік органдардың заңды талаптарын қолдану салдарынан ашылуы қажет Коммерциялық құпияның тек сол бөлігін ғана ашады.

8.5.3. Осы Стандартты келісімнің тиісті Тарапы Коммерциялық құпияға қол жеткізген өз қызметкерлерінің және өзге де тұлғалардың әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін жауапты болады.

8.5.4. Осы Стандартты келісімнің мақсаттары үшін «Коммерциялық құпияны ашу» тиісті Тараппен санкцияланбаған екінші Тараптың нәтижесінде қандай да бір үшінші тұлғалар Құпия ақпаратпен танысу мүмкіндігі мен қолжетімділігін алатын әрекеттерін білдіреді. Коммерциялық құпияны ашу деп тиісті Тараптың Коммерциялық құпияны тиісті деңгейде қорғауды қамтамасыз етпеуінде көрінген және қандай да бір үшінші тұлғалар тарапынан осындай ақпаратқа қол жеткізуге әкеп соққан әрекетсіздігі де танылады.

8.5.5. Тиісті Тарап осы баптың шарттарында көзделген Коммерциялық құпияны ашу жағдайларын қоспағанда, осы баптың шарттарын бұза отырып, Коммерциялық құпияны ашу немесе Коммерциялық құпияны рұқсат етілмеген пайдалану нәтижесінде екінші Тарапқа келтірілуі мүмкін шығындар үшін жауапты болады.

8.5.6. Коммерциялық құпияны беру Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қоятын актімен немесе өзге тәсілмен ресімделеді. Егер Тараптың коммерциялық құпиясын құрайтын мәліметтер екінші Тараптың билігінде болса, онда мүдделі Тарап қандай мәліметтердің оның Коммерциялық құпиясы болып табылатыны туралы жазбаша хабарлама жіберуі тиіс.

8.5.7. Коммерциялық құпияны екі Тарапты қанағаттандыратын тиісті қорғау шараларын қабылдамай телефон және факсимильдік байланыстың ашық арналары арқылы, сондай-ақ Интернет желісін пайдалана отырып беруге тыйым салынады.

«ОРАЛ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙЫ» ЖШС

Бас директоры

Самигуллин Д.Р.